

# Техникалық сипаттамалары

Great Wall WINGLE 7

## Қозғалтқыш

Түрі	Жұмыс көлемі, см <sup>3</sup>	Цилиндрлер саны	Сығылу дәрежесі	Экологиялық класы	Ең жоғары қуаты, а.к. (кВт) / айн/мин
4К22, бензин, турбо үрлегішпен, төрт тактілі (тікелей бүрку)	2378	4, қатарлы	16.3:1	VI	149 (110) / 5500

## Трансмиссия

Ең жоғары айналу сәті, Нм / айн/мин	Жетек	Беріліс қорабы	Берілістер саны
220 / 4000	Электронды түрде басқарылатын үлестіру қорабы мен төмендетуші берілісі бар толық жетек	механикалық	5

## Шанақ

## Аспа

Түрі	Орындар саны	Алдыңғы	Артқы
Рамалы пикап	5	Екі иініркті торсионды серіппе, көлденең тұрақтылықтың бүйірлік тұрақтандырғышы бар тәуелсіз аспа, цилиндрлік гидравликалық амортизатор	Гидравликалық телескопиялық амортизаторлары бар рессорлы тәуелді аспа.

## Тежеуіш жүйесі

## Отын шығыны\*

Алдыңғы, артқы	Қалалық цикл, л/100км	Қала сыртындағы цикл, л/100км	Аралас цикл, л/100 км
Дискілі, желдетілетін	15,21	9,34	11,5

## Пайдалану сипаттамалары

## Рульді басқару

## КҚ санаты

Үдеу уақыты 0-100 км/сағ, с *	Ең жоғары жылдамдық, км/сағ	Руль күшейткіші	L2 N1 2.9t
<20	155	Гидравликалық	

## Жүк бөлімінің салмағы мен көлемі

Жабдықталған күйіндегі салмағы, кг	Толық салмағы (макс), кг	Пайдалы жүктеме (макс), кг	Жүк платформасының өлшемі, ҰхЕхБ, мм	Алд./ артқы білікке рұқсат етілген ең жоғары жүктеме	Отын бағының сыйымдылығы, л
1890	2865	975	1680 x 1460 x 480	1160/1743	70

"Астана Моторс" компаниясының құрамындағы Great Wall Motor пикаптарының дистрибьюторы алдын ала ескертусіз автокөліктердің жинақтамаларына өзгерістер енгізу құқығын өзінде қалдырады. Фотосуретте ұсынылған түрленімдер Қазақстан Республикасына жеткізілетіндерден өзгеше болуы мүмкін. Автокөліктердің жинақтамалары туралы нақтылап білу және қосымша ақпарат алу үшін HAVAL ресми дилеріне хабарласыңыз. HAVAL Ресми дилерінен сатып алынған жаңа Great Wall WINGLE 7 автокөлігінің кепілдік мерзімі 36 айды немесе 150 000 км жүрілген жолды (қайсысының уақыты бұрын келетініне байланысты) құрайды. Толығырақ ақпаратты біздің [www.haval-motor.kz](http://www.haval-motor.kz) ресми сайтымыздан алуыңызға болады. \*Стендтерде жүргізілген сынақтардан алынған деректер көрсетілген деректерден өзгеше болуы мүмкін

Модель туралы толығырақ білу



# WINGLE 7

# ТАБЫСТЫҢ СЕНІМДІ КЕПІЛІ

## 1 Сыйымдылық

GWM Wingle 7 автокөлігінде кез келген жағдайға арналған орындар жеткілікті: сіздің игілігіңізге 4 есікті кабинамен қатар үлкен жүк салатын бөлім де ұсынылады.

## 2 Жүк көтергіштігі

Пикаптың пайдалы жүктемесінің салмағы 975 кг құрайды, бұл жүк көтергіштіктің жеткілікті деңгейін қамтамасыз етуге және мегаполис ішінде қозғалыс еркіндігін сақтауға мүмкіндік береді.

## 3 Үлкен жүк салатын бөлім

Шанаққа қажеттінің бәрін: өлшемі үлкен жүктерді, құралдарды немесе саймандарды сыйғызуға болады. Жүк салатын бөлімнің өлшемдері (ҮхЕхБ): 1680x1460x480 мм



## 4 Алдыңғы әйнек жылытқышы

Әйнектазалағыштардың тоқтап тұратын аймағын жылытудың арқасында, тіпті ең суық ауа райы жағдайларында да, әйнекке тұрған қырау лезде ериді.

# GWM WINGLE 7 — ТОЛЫҚ ЖЕТЕКТІ ЖҮЙЕСІ БАР ТӨЗІМДІ РАМАЛЫ ПИКАП

## 5 Борт

Қайырылатын кең борт габаритті жүктерді тасымалдауға мүмкіндік береді.

## 6 Толық жетек

Толық жетек жүйесі сенімділігімен ерекшеленеді және сенімді өткізгіштікті қамтамасыз етеді. Автокөлік қатты қосылатын алдыңғы белдігімен бірге артқы оське берілетін жетекпен жабдықталған. Режимдерді қозғалыс кезінде (15 км/сағ дейінгі жылдамдықта) ауыстырып қосуға болады, бұл жолсыз жерде де жүргізу жайлылығын жоғарылатады. Үлестіру қорабы ерекше күрделі жағдайларда қосымша төмендетілген берілісті қолдануға мүмкіндік береді.



## 7 Жүргізушінің көмекші жүйелері

Белсенді қауіпсіздік жүйелері (ABS, ESP және Brake Assist) мен круиз-контроль жолдағы жағдайға бірден жауап беруге көмектеседі.



**ABS** **ESP**

**Cruise** **Brake Assist**



**GWM WINGLE 7  
КӨБІРЕК ОРЫН  
КӨБІРЕК СЕНІМДІЛІК,  
КӨБІРЕК МҮМКІНДІКТЕР**

Алға қойған маңызды мақсаттарыңыз көп болса, жаныңызға шынайы сенім артуға болатын серік қажет.

Бензинді турбо қозғалтқыш, толық жетекті трансмиссия, кең салон және шанақ.

GWM Wingle 7 автокөлігін қарсы алыңыз. Сенімді және төзімді пикап. Оған ең ауыр тапсырмаларды сеніп тапсыруға және нәтижесіне сенімді болуға болады.



Үсақ-түйек сақтауға арналған қуыстары мен бөлімдері көп эргономиялық әрі қолайлы салон.



Кез келген сапарда мейлінше жайлылық ұсынатын, жылытқышы бар, биік отыру қалпын қамтамасыз ететін қолайлы матамен тысталған орындықтар. Жүргізуші орындығы алты бағытта, ал жолаушы орындығы төрт бағытта реттеледі.



Борттық компьютердің матрицалық дисплейі бар ақпараттық аспаптар панелі жағдайды әрдайым бақылауда ұстауға мүмкіндік береді.

Жолдан алаңдамастан көп функциялы руль дөңгелегінен аудиожүйені, bluetooth қосылыстарын және круиз-контрольді басқарыңыз.




Орталық тоннельде ең қажеттінің бәрі қолайлы орналасады: жастығы реттелетін кең шынтақтаяныш, екі стақанқойғыш және толық жетек режимдерінің селекторы.



GWM Wingle 7 — кез келген тапсырмаларға икемді мүмкіндіктердің кең ауқымы. Артқы қатар орындықтары жиналған күйде әрдайым қосымша жүкке арналған орын табылады.



Жол үстінде сүйікті музыкаңызды тыңдауға арналған мультимедиа жүйесі.



## Габариттері

Ұзындығы, мм	Ені, мм	Биіктігі, мм	Жол саңылауы, мм
5395	1800	1760	212
Дөңгелек базасы, мм	Алдыңғы / артқы дөңгелектердің жолтабаны, мм	Асылмасы, мм (алдыңғы/артқы)	
3350	1515/1525	800/1245	
Кіру бұрышы	Шығу бұрышы	Рампа бұрышы	Дөңгелектер мен шиналар
29	23	19	235/70R16 106 T

Айналып бұрылу радиусы, м  
7,25

## Қолжетімді түстер

